

## Жергілікті атқарушы органдар борышының 2024 жылға арналған лимиттерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 186 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 желтоқсанда № 33858 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 210-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар борышының 2024 жылға арналған лимиттері белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекет міндеттемелерін басқару және қаржы секторын дамыту саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі

А. Куантыров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі  
2023 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 186 Бұйрыққа  
қосымша

## Жергілікті атқарушы органдар борышының 2024 жылға арналған лимиттері

№	Жергілікті атқарушы орган	Жергілікті атқарушы органдар борышының лимиті, мың теңге
1	2	3
1	Абай облысы	104 179 919,5
2	Ақмола облысы	172 393 551,4
3	Ақтөбе облысы	159 524 508,7
4	Алматы облысы	194 238 699,3

5	Атырау облысы	127 880 569,1
6	Батыс Қазақстан облысы	137 668 039,3
7	Жамбыл облысы	212 762 306,2
8	Жетісу облысы	131 375 124,2
9	Қарағанды облысы	210 861 829,2
10	Қостанай облысы	162 022 370,1
11	Қызылорда облысы	174 327 109,7
12	Маңғыстау облысы	134 244 600,8
13	Павлодар облысы	142 088 462,1
14	Солтүстік Қазақстан облысы	132 818 569,8
15	Түркістан облысы	359 988 882,5
16	Ұлытау облысы	45 054 130,2
17	Шығыс Қазақстан облысы	133 757 568,1
18	Алматы қаласы	674 072 093,2
19	Астана қаласы	221 636 896,9
20	Шымкент қаласы	158 511 018,8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК